

байланысты жоғары деңгейлік Borland C++ Builder программалау тілін оқытудың жаңа технологиясын пайдалану жолы болып табылады. Мақалада осы проблема теориялық тұрғыдан талданып, практикалық мысалдар арқылы көрсетіп түсіндіруге талпыныс жасалған. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, аталмыш Borland C++ Builder программалау тілін басынан дұрыстап оқыту үшін шешімін ойластыратын мынадай ғылыми-практикалық мәселелер тұр.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1. Концепция информатизации образования РК;
2. Ж.К.Нұрбекова, Қ.М.Байғушева, А.З.Даутова. Қазіргі бағдарламалау тілдері.
3. Бобровский С. Технология Петагона на службе российских программистов. Программная инженерия.-СПб.:Питер,200
4. Сайт [http://www.lib.asw1.ru/books/methodology/ programming](http://www.lib.asw1.ru/books/methodology/programming).

Айтбенова А.А.¹, Аманжол Б.М.²

1. *Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 1 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

DELPHI ОРТАСЫНДА «ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУ» ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҒЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

Ақпараттық технологиялар мен компьютерлік телекоммуникацияларды жыл сайын білім жүйесінде белсене қолданып келе жатыр. Сонымен қатар электронды оқулықтар арқылы сабақтарды түсіндіру де кең етек алуда. Электронды оқулықтарды тек қана сабақ барысында емес, өзін өзі үйрету барысында да қолдануға болады.

Электронды оқулық – бұл компьютерді қолданып, оқу курсы өз бетімен немесе оқытушының көмегімен меңгеруді қамтамасыз ететін программалық әдістемелік кешен. Электронды оқулық немесе курс үш компоненттен тұрады: курстың негізгі ақпараттық бөлігі мазмұндалған презентациялық құрамдан; алынған білімді бекітетін жаттығулардан; оқушының бағасын дұрыс бағалайтын тест жүйесінен. Оқыту программалары оқыту үрдісінде жетістікпен қолданылуда. Оқыту программасын жасау – өте күрделі және көп еңбектенуді қажет ететін жұмыс. Негізгі көңіл компьютерлік эффект немесе өнімдегі ерекше жаңа қабылдауларға бөлінеді. Жарнамалық жобалар мен компьютерлік басылымдар ең жиі қолданылатын компакт-дисктердің сипаттамасына қарау жеткілікті. Бірінші орында жазылған ақпараттың көлемі, иллюстрация, аудио және бейнеүзінділердің саны және олардың ұзақтығы. Ақпараттың сапасы жайлы ақпарат жоқ, ең жақсы жағдайда өнім басылымның электронды көшірмесі ретінде беріледі. Осылайша берілген оқулықтар, энциклопедиялар және басқа басылымдар оқу құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Олар әр түрлі

компьютерлік эффектілермен танысуға мүмкіндік береді. Бірақ осы қосымшаларды нақты бір жұмыста қолдану қиын. Оқу программасын құру кезінде технологиялық жабдықтардың барлық мүмкіндігін қолдану маңызды [1].

Электронды оқулықтардың басты айырмашылығы – біріншіден, ұтқырлығы, екіншіден компьютерлік желілердің дамуына байланысты кең қолданылуы. Бірақ электронды оқулықтарды құрудағы мәселе – ол оқулықтағы ақпараттарды уақыт өткен сайын жаңартып отыру керек. Электронды оқулықтардың тағы бір ерекшелігі – тапсырмалар, ақпараттар түрлерін тегжейлі суреттеу қамтылған. Сонымен қатар электронды оқулықтар оқытылған білімді бақылау мақсатында – тестілеу өткізу [2].

Берілген электронды оқулық Delphi ортасында жасалынды. Borland Delphi қазіргі уақытта программалаудың ең танымал тілдерінің бірі болып саналады. Borland Delphi Windows–қа кәсіби деңгейлі интерфейсі бар қолданбалы бағдарлама жасауға мүмкіндік береді. Оны оқып үйрену, түсіну және логикалық ойлауға өте қарапайым, әрі жеңіл. Delphi программалаудың құрылымдық тәртібі және программалаудың басқа тілдерге қарағанда жалпы жақсы дамыған. Оның қызықты рекурсивті мүмкіндіктері, сонымен қатар қызықты есептер шығару мүмкіндіктері бар.

Delphi типті жүйені тез және визуальды құру ортасы деп атайды. Себебі ол өзіне компилятормен қоса редактор және көптеген дайын программалар жиынтығын қамтиды. Delphi–де шамамен 200–ге жуық дайын компоненттер бар.

Бұл ортада күрделі қосымшалар, анықтамалық және тестілеу жүйелерін, электрондық оқулықтар, мәліметтер қорын құруға болады.

Берілген электронды оқулық қазақ тілін үйренушілерге арналған. Бұл оқулық қазақ тілін үйренушілерге толыққанды ақпарат беріп, үйретілген ақпаратты тексеруге арналған тестілеуде кірістірілген. Болашақта қажетті болған жағдайда оны оңай өзгертуге және қайта өңдеуге болады.

Электронды оқулықтың алғашқы парағы. Алғашқы беттен келесі бетке ауысу үшін суретті басып көшуге болады.




1 сурет. Оқулықтың алғашқы беті.

Электронды оқулықтың келесі бетінен керекті мәзірді таңдауға болады.



2 сурет. Электронды оқулық басты мәзірі.

«Сабақтар» батырмасына басқанда келесі сабақтар тізімін көрсетіледі.



3 сурет. «Сабақтар» беті.

Сонымен, өңделген электронды оқулықты оқу үрдісінде тәжірибе жүзінде қолдануға болады. Бұл оқулық қазақ тілін тез әрі жетік үйренгісі келген мектеп оқушыларына, студенттерге, сонымен қатар үлкен аудиторияларға арналған. Электронды оқулықты оқытушылар (дәріс сабақтарында) және өзін өзі оқыту барысында (үйде, кітапханада, сыныпта) қолдануға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева Г. Қ. Электрондық оқулықтар – мұғалім мен оқушы арасындағы әрекеттестікті гуманизациялау құралы// «Информатика негіздері» республикалық журналы, №2, 2002.- 2-3 б.
2. Тажигулова А. И. Конструирование электронных учебников//Научно-практический журнал «Информационные технологии в Казахстане», №1, 2000.- С. 42-43.
3. Т. А. Сауытова, «Казахский язык для начинающих», Алматы «Ана тілі», 2003г., с. 400
4. <http://delphi-prg.ru/>

Айтбенова А.А.¹, Балгабекова А.К.²

1. *Ғылыми жетекші, педагогика магистрі, аға оқытушы*
2. *«Информатика» мамандығының 4 курс студенті, информатика және компьютерлік технологиялар кафедрасы*

SCRIBUS-ТЫҢ ТӨРТ ПАЙДАЛЫ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Қазір бүкіл әлемде индустриалдық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға және оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді тұрақты түрде дамытып отыра алатын ақпараттық қоғамға, яғни негізгі рөлді ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерін атқаратын жаңа қоғамға көшу үрдісі жүріп жатыр.

Ақпараттық қоғамға ауысу ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту мен күнделікті тұрмыста пайдалану жолымен, яғни қоғамды ақпараттандыру істерін дамыту арқылы іске асырылады.

Scribus басып шығаруға тираждалған жоғарғы сапалы беттер жасауға болатын Open Source бағдарламасы болып табылады. Scribus-та жасалынған жобалар баспаханада басып шығаруға толық дайын болып шығады. Бұдан басқа, бағдарламаның беттерді жақсартып басып шығаруға көптеген қосалқы мүмкіндіктері бар.

Заманға сай және қолайлы графикалық интерфейстен басқа Scribus бағдарламасы CMYK, Spot Colors түстік моделі, ICC түсті шығаруға арналған басқару жүйесі, PDF файлдарды жасауға арналған кәсіби баспаханалық жүйелерге ие.